

Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 12 ақпандағы N 100. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 19 наурыздағы N 270 Қаулысымен.

Ескерту. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 100 қаулысының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 19 наурыздағы N 270 Қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

"Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 93-1 Заңын жүзеге асыру мақсатында, "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ Заң күші бар Жарлығына, "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 12 ақпандағы
N 100 Қаулысымен

бекітілген

Атом энергиясын пайдалануға байланысты
қызметті лицензиялау туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінде (бұдан әрі - Агенттік) лицензиялауға қызметтің мынадай түрлері:

атом энергиясын пайдалану объектілерін орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға қосу, пайдалану, консервациялау және пайдаланудан шығару;

коммерциялық мақсаттарда беруді, сатуды немесе сатып алуды немесе коммерциялық емес сипатта беруді қоса алғанда атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызмет көрсетулердің экспорты мен импорты;

атом энергиясын пайдалануға байланысты жұмыстарды орындау және қызметтер ұсыну ;

бұл материалдар мен заттар бар пайдалы қазбаларды барлау және өндіру кезінде ядролық материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін және радиоактивті заттарды ұстау, жұмыстарды радиациялық қауіпсіз жүргізу, сондай-ақ ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды өндіру, пайдалану, қайта өңдеу, тасымалдау және орналастыру;

ядролық қондырғыларды, иондаушы сәулелену көздерін, ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды пайдалану арқылы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру ;

атом энергиясын пайдалануды басқару ;

ядролық жарылыстар жүргізілген жерлердегі қызметтердің барлық түрлері ;

ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау ;

ядролық материалдардың, иондаушы сәулелену көздерінің, радиоактивті заттардың және радиоактивті қалдықтардың есебін жүргізу және бақылау жасау ;

Қазақстан Республикасының аймақтарындағы радиациялық жағдайға бақылау жасау ;

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ядролық материалдар мен радиоактивті заттарды транзиттік тасымалдау ;

мамандар мен қызметкерлерді даярлау және аттестациялау жатады.

2. Осы Ереженің талаптары атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті.

3. Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау үшін ақы төлеудің мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Лицензияның қолданылуы тоқтатылған немесе ол кері қайтарылып алынған жағдайда лицензиат олардың толық тоқтатылғандығына немесе қайта бейінденуіне дейін қызметтер объектілеріндегі радиациялық қауіпсіздік пен физикалық қорғауды қамтамасыз ету үшін толық жауаптылықта болуы жалғастырады .

5. Мәлімделген қызметтердің түріне қарай тұрақты немесе уақытша лицензиялар беріледі. Лицензиялардың белгілі бір түрін беру туралы шешімді өтініш беруші ұсынған құжаттарды және қызметтің мәлімделген түрлерінің инженерлік-техникалық қамтамасыз етілуіне сараптаулардың нәтижелерін зерделегеннен кейін Агенттік қабылдайды.

6. Агенттік лицензия алу үшін ұсынылған құжаттарды тіркеуді жүзеге асырады, берілген, тоқтатыла тұрылған және кері қайтарылып алынған лицензиялардың тізілімін жүргізеді.

II. Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметтердің түрлеріне біліктілік талаптары

7. Атом энергияларын пайдалануға байланысты қызметтің түрі мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

З а ң д ы т ұ л ғ а ү ш і н :

өтініш берушінің құрамы мен біліктілігі бойынша қолданылып жүрген нормаларға сәйкес келетін және мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті басқару құрылымы, кадрлар мен қызметкерлерді даярлау және аттестациялау жүйесі болады;

өтініш беруші қолданатын технологиялар, ұйымдастыру және техникалық шаралар радиациялық және ядролық қауіпсіздіктің оның Қауіпсіздік жөніндегі есебінде негізделетін белгіленген қолданылып жүрген нормалар мен ережелерден төмен емес деңгейлеріне жетуді және ұстап тұруды қамтамасыз е т е д і ;

өтініш беруші қызметтің мәлімделген түрінің сапасын қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлейді;

өнімдердің сертификациясы мен буылып-түйілуі белгіленген стандарттар мен талаптарға сәйкес келеді;

өтініш берушінің кәсіпорындарындағы иондаушы сәулелену көздерін, радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды ұстаудың бар немесе жобаланған жүйесі қолданылып жүрген нормативтерге сәйкес оларды жинауды, бақылауды және есебін жүргізуді, сақтауды, қайта өңдеуді және сақтау немесе көму орындарына тасымалдауды қамтамасыз етеді;

инженерлік-техникалық қамтамасыз ету (өндірістік кешендер, технологиялық учаскелер, қондырғылар, ядролық және радиоактивті материалдар мен радиоактивті қалдықтарды орналастыру пункттері, мәлімделген қызмет жүзеге асырыла алатын мәлімдеушіге тиесілі басқа да объектілер) Агенттік тағайындаған сарапшылар мен ұйымдар беретін сараптық қорытындылармен расталатын мәлімделген қызметті орындаудың қауіпсіздігін кепілдендіреді;

ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау қолданылып жүрген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады;

өтініш берушінің аварияға қарсы шараларды жүзеге асыруға арналған әзірленген жоспарлары мен техникалық құралдары, жобада көзделген аварияның зардаптарын жоюға және бәсеңдетуге арналған жоспарлары мен техникалық құ р а л д а р ы б о л а д ы ;

өтініш берушінің оның қол жеткізілуігін, есеп жүргізілуін, қолдан жасаудан қорғалуын, қажет уақыттың ішінде сақталуын қамтамасыз ететін техникалық құжаттамаларды ұстау жүйесі болады;

өтініш берушінің атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметтен

мүмкін болатын залалды өтеу, сондай-ақ ядролық қызметті тоқтатқаннан кейін қоршаған ортаның барлық элементтерін оңалту үшін қаржы қаражатын жинақтау б а ғ д а р л а м а с ы б о л а д ы .

Ж е к е т ұ л ғ а л а р ү ш і н :

- өтініш берушінің Агенттікте аттестациялауында расталатын қызметтің мәлімделген түрі бойынша жұмыстар жүргізуге тиісті біліктілігі мен тәжірибесі б о л а д ы .

Жеке адамға атом энергиясын пайдалану объектісіне оның меншік құқығын талап ететін атом энергиясы пайдаланылатын қызметтердің түрлеріне лицензиялар берілмейді.

III. Лицензияларды берудің шарттары мен тәртібі

8. Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметтерді жүзеге асыру құқығына лицензиялар берудің тәртібі:

лицензиялар беру туралы өтінішті қарауды және лицензиялар алу үшін ұсынылған құжаттарға алдын ала тексеру жүргізуді;

ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді негіздейтін құжаттардың жиынтығын қоса алғанда лицензия алу үшін ұсынылған құ ж а т т а р д ы қ а р а у д ы ;

лицензиялардың қолданылу шарттарын белгілеу арқылы лицензиялар беруді қ а м т и д ы .

9. Агенттікке лицензиялар алу үшін белгіленген тәртіптерге сәйкес ресімделген мынадай құжаттар:

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нысан бойынша лицензия беруге арналған өтініш;

лицензиялық алымды төлегендігін растайтын құжаттар;

заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәліктің көшірмесі;

құрылтай құжатының көшірмесі;

оларға сәйкес қызметтің мәлімделген түрлерінің қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін ұйымда қабылдаған нормативтік-техникалық құжаттамалардың тізбесі;

санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы;

экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы;

тау-кен-техникалық қадағалау органдарының қорытындысы ұсынылуы тиіс.

10. Біліктілік талаптарына сәйкестігін негіздеу үшін қажетті басқа да міндетті құжаттардың құрамы қызметтің әрбір түрі үшін Агенттік бекітетін тізбемен а й қ ы н д а л а д ы .

11. Лицензиялар алуға арналған өтініштен, егер:

қызметтердің белгілі бір түрлерін жүзеге асыруға заң актілерінде субъектілердің аталған санаттары үшін тыйым салынса;

Жарлықтың 16-бабына не басқа да заң актілеріне сәйкес талап етілетін

барлық құжаттар ұсынылмаса, Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негіздерде қаралады;

лицензиялар беру үшін алым енгізілмесе;
өтініш беруші Жарлықтың 15-бабына сәйкес белгіленген талаптарға жауап бермесе ;

өтініш берушіге қатысты соттың оған қызметтің аталған түрімен айналысуына тыйым салатын шешімі болса "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 Заң күші бар U952201_ Жарлығының (бұдан әрі - Жарлық) 19-бабының 1-тармағына сәйкес бас тартылуы мүмкін .

12. Агенттік өтініштің материалдарын алған сәттен бастап 10 күндік мерзімде өтініш берушіге оның қабылданғандығы немесе бас тартудың себептерін көрсету арқылы бас тартылғандығы туралы хабарлайды. Өтініш беруші құжаттарды пысықтағаннан және түзеткеннен кейін осы Ережеде белгіленген тәртіппен тағы да өтініш бере алады .

13. Агенттік өтініштің материалдарын қарау процесінде лицензиаттың мәлімделген қызметтерді қауіпсіз жүзеге асыруы үшін қажетті шарттардың болуын және жеткіліктілігін тексеру мақсатында өзінің шешімі бойынша мәлімделген қызметтердің объектілеріне инспекциялар жүргізе алады. Инспекциялардың жұмысына басқа ұйымдар мен ведомстволардан сарапшылар тартылуы мүмкін .

14. Агенттік ұсынылған материалдардың жеткіліксіз негізделуі жағдайында лицензиаттың мәлімделген қызметтің қауіпсіздігіне қосымша негіздемелер ұсынуын талап етуге, сондай-ақ ұсынылған материалдардың ғылыми-техникалық сараптауын жүргізуге құқылы .

15. Ғылыми-техникалық сараптауды Агенттік тағайындаған сарапшы немесе ұйым жүргізеді .

16. Құжаттарды қарау мен лицензияларды ресімдеу инспекциялар мен сараптаулардың қорытындысын қоса алғанда барлық негіздеуші құжаттар тіркелген күннен бастап 1 айдан кешіктірілмей аяқталуы тиіс.

17. Өтініштің материалдарын қараудың нәтижелері бойынша Агенттіктің басшылығы бекітетін мәлімделген қызметтердің белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды ресімделеді.

18. Лицензия Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нысан бойынша 2 данада ресімделеді және Агенттік пен өтініш берушіде (бір-бір данадан) сақталады .

19. Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметтерді жүзеге асыру құқығына арналған лицензиялардың қолданылу шарты мәлімделген қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып өтініш берушінің қызметкерлерінің

біліктілігі мен құрамына, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қоршаған ортаны, қызметкерлер мен халықтың денсаулығын қорғауға арнаулы талаптарды айқындайды және оның ажырамас қосымшасы болып табылады.

20. Агенттік лицензиаттың лицензияның қолданылу шарттарын сақтауына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады және олар орындалмаған жағдайда өз құзыретінің шегінде санкциялар қолданады.

21. Лицензияларды бергеннен кейін қауіпсіздікке әсер ететін жаңа факторлар анықталған жағдайда немесе лицензиялардың иесінің өтінімі бойынша Агенттік оның қолданылу шартын түзете алады.

22. Берілген лицензиялардың қолданылуы лицензиат лицензиялардағы талаптарды орындамаған жағдайда 6 айға дейін мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін және лицензиар лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұрған себептер жойылмаған жағдайда немесе сот лицензиатқа ол лицензия алған қызметті жүзеге асыруына тыйым салған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

23. Агенттік лицензиялардың қолданылуының тоқтатылғандығы немесе олардың кері қайтарылып алынғандығы туралы жазбаша нысанда лицензиатқа, санитарлық-экологиялық және тау-кен-техникалық қадағалауды жүзеге асыратын органдарға хабарлайды. Кері қайтарып алу туралы құлақтандырылғаннан кейін 10 күндік мерзімде лицензия Агенттікке тапсырылуы тиіс.

24. Лицензиат лицензиялар беруден бас тартылуына немесе оның қолданылуының тоқтатылуына сот тәртібімен шағымдануға құқылы.